

Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 қазанда № 14376 болып тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 118-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.05.2025 № 269/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау қағидалары бекітілсін.

2. "Почта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 ақпандағы № 57-п бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3557 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаменті (В.В. Ярошенко):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан республикасының

Ақпарат және коммуникациялар

министрі

Д. Абасев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ж. Қасымбек

2016 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2016 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 172 бұйрығымен
бекітілген

Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 118-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен (бұдан әрі – су көлігі) тасымалдау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.05.2025 № 269/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) пошта жөнелтілімдері – пошта операторы жіберуге қабылдаған жазбаша хат-хабар, жіберілімдер;

2) пошта операторы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, пошта қызметі саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

3) тасымалдаушы – кемеңі меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздермен иеленуші, жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін және тасымал құжаттарында көрсетілген тұлға.

Ескерту. 2-тармақтың 2) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.05.2025 № 269/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Пошта операторы тасымалдаушының кемелер қозғалысының кестесі негізінде пошта жөнелтілімдерін су көлігімен тасымалдау кестесін құрады.

4. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау үшін ақы тасымалдаушы және пошта операторы арасында жасалынатын шарттар негізінде жүргізіледі.

2-тарау. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау тәртібі

5. "Пошта туралы" Заңының 5-бабының 16) тармақшасына сәйкес пошта саласындағы уәкілетті органмен бекітілетін Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіпте пошта операторы тасымалдаушыға пошта жөнелтілімдерін береді (бұдан әрі – Ұсыну қағидалары).

6. Әр белгіленген пункт үшін пошта жөнелтілімдеріне осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген нысан бойынша екі данада жеке маршруттық жөнелтпе құжат толтырылады.

7. Бір данасы пошта жөнелтілімдерімен жіберіледі, екінші данасы пошта операторында қалады.

Барлық пошта жөнелтілімдері айырбастау кезегінің тәртібімен маршруттық жөнелтпе құжатқа әр рейске екі данадан жазылады.

8. Тасымалдаушы пошта жөнелтілімдерінің жалпы салмағының маршруттық жөнелтпе құжатымен сәйкестігін тексереді.

9. Жағалауында сақтау үй-жайлары жоқ пункттерде пошта жөнелтілімдері су көлігіне тікелей пошта операторымен жеткізіледі.

10. Пошта жөнелтілімдерін тапсыру мен қабылдау тасымалдаушының су көлігінің қозғалыс кестесіне сәйкес пошта операторымен жүзеге асырылады.

11. Пошта жөнелтілімдері тасымалдаушының және пошта операторының өкілдері маршруттық жөнелтпе құжаттарына қол қойған кезінен бастап тасымалдаушымен жеткізілді деп саналады.

12. Тасымалдаушының кесірінен рейс кідірген жағдайда, пошта жөнелтілімдері тасымалдаушымен су көлігінің бірінен түсіріп басқасына тиеледі, немесе белгіленген пунктке көліктің басқа түрімен тасымалдаушы есебінен жіберіледі.

13. Тасымалдаушы су көлігінің техникалық сипаттамасында көзделген жүктеу мөлшерін ескере отырып, пошта жөнелтілімдерді су көлігін тасымалдауда рұқсат етілетін саны мен салмағында тасымалдауға қабылдайды.

14. Тасымалдаушы немесе пошта операторы тарапынан болатын бұзушылықтар, одан әрі жоғарыда көрсетілген тұлғалардың мүліктік жауапкершілігі үшін негіз болатын, осы Қағидалардағы 2-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша бұзушылықтар туралы жалпы нысандағы актімен (бұдан әрі – Акт) куәландырады.

15. Акт мынадай:

1) су көлігінің жөнелту пунктінен жөнелуін тоқтатуы немесе кідіртуі, басталған рейстің тоқтатылуы, жол үстінде ұзақ мерзімге кідіруі және амалсыздан тоқтауы;

2) тасымалдаушының кінәсінен болған пошта жөнелтілімдерінің жетіспеуі немесе бүлінуі анықталуы;

Ескертпе. Бұл ретте пошта жөнелтілімінің сыртқы жай-күйі егжей-тегжейлі сипатталады, құжат бойынша және нақты салмағы, сыртқы бұзылған жағдайда – ішкі құрамы көрсетіледі (әрбір пошта жөнелтілімі, оның жай-күйі, көлемі, салмағы, сондай-ақ пошта жөнелтілімі қабының жалпы салмағы, ыдыстың салмағы, жарияланған құндылық);

3) тасымалданған пошта жөнелтілімдерінің нақты салмағының ілеспе құжаттарда көрсетілген салмағынан асып кетуі жағдайларын куәландыру үшін жасалады.

Ескертпе. Бұл жағдайда акт нақты жөнелтілген пошта жөнелтілімдеріне есептесуге негіз болады.

16. Акт пошта операторы және тасымалдаушы үшін тең күші бар екі данада жасалады.

17. Актіде барлық акті жасалу кезге мәлім болған шарттың бұзылу себебі туралы дұрыс тұжырым жасауға мүмкіндік беретін мәліметтер, сондай-ақ ол бойынша шешімі көрсетіледі.

Актіге пошта операторының және тасымалдаушының өкілдері қол қояды.

Акт жасауға қатысатын тараптар актінің мазмұнымен келіспеген жағдайда, оған қол қоюдан бас тартады.

Бұл жағдайда, актіге қол қоюдан бас тартқан тараптар оған өздерінің дәлелді негіздерін баяндайды.

18. Акт пошта операторының және тасымалдаушының басшыларымен бекітіледі және пошта операторының және тасымалдаушының мөрлерімен расталады.

19. Актіні бекітуден бас тартқан пошта операторының немесе тасымалдаушының басшысы акті жасалғаннан күннен кейін бес жұмыс күні ішінде басқа тарапқа жазбаша қарсылық жолдайды.

Актіге ескертумен қол қойылғанда, пошта операторының және тасымалдаушының басшылары туындаған келіспеушіліктерді қарайды және олар бойынша бес жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

20. Пошта жөнелтілімдерін жолданушыға жеткізу және тапсыру Ұсыну қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Пошта жөнелтілімдерін ішкі су
көлігімен тасымалдау қағидаларына
1-қосымша

нысан

20__ жылғы "___" _____

№__ маршруттық жөнелтілім құжаты

(пошта жөнелтілімдерін тапсыру және қабылдау үшін)

Пошта жөнелтілімдерін тапсыру және қабылдау уақыты: _____

№	Жөнелту, тұрақтау және келу орнының атауы	П о ш т а жөнелтілімдерінің түрлері	Орын саны	Салмағы

Тасымалдаушының өкілі _____ Пошта операторының өкілі _____

(қолы) (қолы)

Пошта жөнелтілімдерін ішкі су
көлігімен тасымалдау қағидаларына
2 қосымша

нысан

_____ басшысы _____ басшысы

(тасымалдаушы) (пошта операторы)

20__ ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____

_____ мөр орны үшін _____ мөр орны үшін

(мөр болған жағдайда) (мөр болған жағдайда)

Бұзушылықтар туралы

№__ жалпы нысандағы акт

_____ (күні) (порт атауы)

Осы актіні пошта операторы _____ және

тасымалдаушы _____ жасады, оған себеп, _____

ж. _____ тарапынан Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау қағидаларының, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінің және пошта жөнелтілімдерін су көлігімен тасымалдау шарттары талаптарының бұзылуына жол берілген, ол төмендегідей білдірілген: (бұзушылық сипаттамасы, су көлігінің №, рейс №, бұзушылық күні көрсетілсін, бұл ретте болжаулы бұзушылық факті және ол бойынша шешім келтіріледі).

Акт тексеру және бұзуды жою бойынша шаралар қабылдау үшін жасалды.
Тасымалдаушының өкілі _____ Пошта операторының өкілі _____

(қолы) (қолы)